

Ведомствоаралық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 15 қаңтардағы N 12-А

1. 1997 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасының газ-көлігі

жүйесі концессиясы шартында мемлекеттің мүдделерін қорғау,
республиканың жекелеген аймақтарын газбен жабдықтауды жақсарту
мақсатында мына құрамда ведомствоаралық комиссия құрылсын:

Б.Ә.Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Әділет
министрі, комиссияның төрағасы

Е.Ә.Өтембаев - Қазақстан Республикасы Стратегиялық
жоспарлау және реформалар жөніндегі
агенттігінің төрағасы - Қазақстан
Республикасының министрі, комиссия
төрағасының орынбасары

А.Ә.Жабағин - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және сауда
министрі, комиссия төрағасының
орынбасары

Н.В.Радостовец - Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі агенттігінің
Баға және монополияға қарсы
саясат жөніндегі комитетінің
төрағасы

Б.М.Мәдиев - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
департаменті директорының
орынбасары

2. Ведомствоаралық комиссияның төрағасы мен төрағаның орынбасарлары мына шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволарының мамандарын тарту арқылы жеке жұмыс тобын құрсын.

Б.Ә.Мұхамеджановтың жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы мен Жоғарғы Сотының келісімі бойынша 1997 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасы газ-көлігі жүйесінің концессиясы шартының Қазақстан Республикасының заңдары мен Шарттағы мемлекеттің мүдделерін қорғауға сәйкестігі туралы егжей-тегжейлі қорытынды дайындасын.

Е.Ә.Өтембаевтың жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің қатысуымен:

табиғи газды әкелу және тасымалдау кезінде монополиялық қызметті шектеу мәселесін қарасын;

"Трактебель С.А." компаниясының газды тасымалдауға арналған тарифті қайта қарау жөніндегі ұсынысын қарасын;

компанияның басқаруына берілген активтерді пайдалау мәселелері мен оларды басқарудың әдістерін қарасын;

"Трактебель С.А." компаниясының амортизациялық қаражатты мақсатты пайдалануына бақылау орнату жөніндегі мәселелерді қарасын.

А.Ә.Жабағиннің жұмыс тобы:

мемлекеттің тарапынан концессионерлерді бақылау-реттеу функцияларын қалпына келтірудің тәртібін белгілесін;

1998 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінде өткен мәжілістің хаттамасына сәйкес "Трактебель" компаниясынан сұратылған материалдарды:

концессия шарты жөніндегі инвестициялық бағдарламаны;

айналма газ құбырының құрылысы жөніндегі техникалық-экономикалық негіздемені;

бонустың жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының пайдасына роялти мен міндетті төлемдердің басқа да түрлері тиесілі 10 000 000 (он миллион) АҚШ доллары сомасындағы қалған бөліктерін төлеудің кестелерін;

Алматы қаласына, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына газ берудің компания кепілдік берген көлемдерін қарасын.

3. Ведомствоаралық комиссиялар 1998 жылдың 1 наурызына дейін мерзімде

Қазақстан Республикасының Үкіметіне концессионерлердің қызметтерінің нәтижелеріне баға беруді қамтитын, істелген жұмыстар туралы есеп ұсынсын.

4. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК